

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

2. Жаңабекова А.А. «Уақыт» ұғымының тілдік парадигмасы: филол. ғыл. докт. дисс. – Алматы, 2010. – 348 б.
3. Жолшаева М. Қазіргі қазақ тіліндегі аспектуалды семантика: форма және мазмұн: филол. ғыл. докт. дисс. – Алматы, 2009. – 305 б.
4. Айдаров Ғ. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. – Алматы: Мектеп, 1986. – 180 б.

ӘОЖ 12.123

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТАТАР ДИАСПОРАСЫ: ТАРИХИ-ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕР

Талгатбекова Дана Дулатовна

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ,

Халықаралық қатынастар факультетінің магистранты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Б.С. Жиёмбай

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасында тарихи, әлеуметтік, экономикалық себептерге байланысты 30-ға жуық түркі халықтары тұрады, олардың ішінде татарлар, башқұрттар, құмықтар, қарашайлар, қырғыздар, түріктер, әзербайжандар, гагауздар және т.б. халықтардан құралған қыпшақ және оғыз диаспораларын атап өткен жөн. Ғылыми зерттеулерге сәйкес, Қазақстанның ең ірі диаспораларының бірін *татарлар* құрайды. Татарлар орта ғасырдан бері қазақ жерінде өмір сүріп келеді, бірақ XVIII ғасырдың бірінші жартысынан бастап қоныстану процесі белсенді түрде жүре бастады. Татар халқы қазақтардың экономикалық және ағартушылық-мәдени өміріне араласып кетті, қазіргі кезде де Қазақстандағы түркі тілдес қоғамды шоғырландыруда маңызды рөл атқаруда.

Түркі тілдерінің грамматикалық құрылымы, лексикалық құрамы, коммуникативтік жүйесі бір-біріне қаншалықты жақын болғанымен, әрқайсысының дыбыстық жүйесінде тарихи түрлі жағдайларға байланысты қалыптасқан өзіндік айырмашылықтары бар. Татарлар – түркі тілдес халықтар тобына жататын тереңнен таралған тарихы мен мәдениеті, өнері бар, мыңжылдық дәстүрге ие ежелгі ұлт.

Татар – түркітану ғылымында түрік сөзінен кейінгі ең жиі айтылып келген атау. Еуропада туыс халықтарды ертеректе түрік деп атау дәстүрі болса, орыс деректемелерінде түрік-татар сөздері қатар қолданылған. Жалпы татар этнонимі көптеген түркі тілдес туыс халықтардың ортақ атауы ретінде ұзақ жылдар қолданылған. XVI-XVIII ғасырлардағы ескі орыс жазбаларында Еділ жағалауы мен Орал өңіріндегі түркі халықтарымен қоса, Ресей империясының шет аймағындағы әзербайжандар да, Солтүстік Кавказ бен Орта Азияның, Сібірдің біраз түркі тілдес тайпалары жалпылама татар аталған. Каспий мен Қара теңіз аралығындағы кең далада көшіп-қонған ноғайлар да Кеңес дәуіріне дейін татар аталып жүрді.

Қазақстан аумағындағы татарлардың тарихы бір ғасыр шегіне сыймайды. Тарихи деректерге сәйкес, қазақ жеріне қоныс аударған татарлардың алғашқы легі XVI ғасырда, Иван Грозный Қазан хандығын талқандаған кезде қоныс аудару бастады, көптеген татар отбасылары қырғыннан қорғану үшін шығысқа қарай ағылып, Қазақстан мен Сібір аумағына қоныстанды. Татар саудагерлері Петропавл, Семей, Қостанай, Орал, Орынбор сияқты жаңа бекініс қалаларында саудамен айналысты. Бұл қалаларда медреселер, мектептер ашылып, қазақ шенеуніктерінің балаларына жеке оқыту жүргізілді, сөйтіп ағарту және мәдениет орталықтарына айналды. Ш. Уәлиханов атап өткендей, «мұсылман білімінің негізгі қозғалтқыштары біздің татар көпестеріміз деп танылуы керек... әр ауылда дерлік көшпелі мектеп бар, ондағы мұғалімдер көп жағдайда татар молдалары немесе семинаристер» [1].

Татарлардың Қазақстан аумағына салыстырмалы түрде жаппай келуі XVIII ғасырдың екінші жартысында, батыс, солтүстік және шығыс Қазақстанның Ресей империясына қосылуымен басталады. Мысалы, 1745 жылы Орынбор облысының губернаторы И. Неплюевтің шақыруымен Еділден Орынбор маңындағы жаңадан құрылған татар слободасына 200-ге жуық татар отбасы келеді. Татар слободкалары Петропавл мен Семей қалаларында пайда болды, татарлар Мамлютка, Ташкент және Аққолтық сияқты елді мекендерде қоныстанды [2, 125 б.].

Қазақстан аумағында түркі халықтарының диаспораларының пайда болуы тарихи, әлеуметтік-экономикалық, географиялық және саяси сипаттағы бірқатар факторларға тікелей байланысты. Татарлар, осы этностардың бірқатары сияқты, біздің еліміздің аумағында ұзақ уақыт өмір сүрген. Әр халықтың диаспорасының даму тарихы – жеке дара процесс. Бұл ретте Қазақстан тұрғындарының этникалық құрамына талдау жүргізуге, оның өзгеру үрдісін байқауға, дамуындағы белгілі бір кезеңдерді оқшаулауға мүмкіндік беретін тарихи және статистикалық материалдар – халық санағының деректерін қарастыру қажет. Түркі халықтарының, әсіресе татарлардың Қазақстанға көші-қонының тіркелуі, олардың сандық көрсеткіштері, диаспораның тарихи ерекшеліктері 1897 жылғы алғашқы жалпы империялық санақтан бастап, сондай-ақ 1926, 1939, 1959, 1970, 1979, 1989 жылдардағы кеңестік халық санағы, 1999 және 2009 жылдардағы қазақстандық ұлттық санақтар негізінде жасалады.

1897 жылы Қазақстан аумағында қазақтарды есептегенде, қыпшақ және оғыз халықтары өкілдерінің салыстырмалы түрде үлкен үш тобын бөлуге болады. Үшінші орында тұрған – башқұрттар, олардың саны 2 527 адамды құрады. Екінші орында – түрікмендер, олардың саны 2 883 адамды құрады. Бірінші орында – татарлар, олардың саны 50 288 адамды құрады. Оның ішінде ең көп бөлігі Орал (35,4%), Ақмола (19,8%), Семей (19,7%) және Жетісу (13,7%) облыстарын мекендеді. 1926 жылғы санақ кезінде татарлар әлі күнге дейін Қазақстандағы оғыз-қыпшақ диаспораларының ең үлкен қауымын қалыптастырды. Санақаралық кезеңнің 29 жылында олардың саны 1,6 есеге, 50 288-ден 80 637 адамға дейін өсті [3, 237 б.].

1937 жылғы халық санағының деректері санақ «ақаулы» деп танылғандықтан ғана толық сақталмаған. Екі жылдан кейін тағы бір санақ жүргізілді, оның деректері ресми түрде қабылданды. Қазіргі уақытта 1937 жылғы кейбір материалдар жарық көрді. Мәселен, Қазақ КСР-інде – 2 181 520 қазақ, 92 096 татар, 5 024 қырғыз өмір сүрген [4, 109 б.]. Осылайша, татарлардың саны 11 459-ға өсті және бұл өсу тенденциясы 1989 жылға дейін сақталды.

Қыпшақ және оғыз халықтары Қазақстанда ұзақ уақыт тұрып, өздерінің ұзақ тарихи даму жолынан өткендеріне қарамастан өз тілдерін, дәстүрлерін, салт-дәстүрлерін сақтап қалды. Қазіргі Қазақстан жағдайында фонетикалық, лексикалық, деривациялық, грамматикалық салаларда қыпшақ және оғыз тілдерінің синхронды дамуы байқалады, бұл белгі сондай-ақ түрік, гагауз тілдерінің тілдік жүйелерінде, қырымшақтар мен Қырым татарларының тілінде де көрініс тапқан.

Қазіргі қыпшақ-оғыз тілдері қолдану аясының тарлығына қарамастан, негізгі жүйелік тілдік заңдылықтарды сақтап, дамуын жалғастыруда. Татар диаспорасы тілінің мысалында Қазақстанда қыпшақ-оғыз тілдерінің дамуын көруге болады. Қазақстанда тұратын татарлар әдеби тілдің негізгі тілдік жүйесін сақтап қалды. Татар тілінің фонетикалық-фонологиялық жүйесінде 38-39 әріп пен фонемалар, вокализм жүйесі 9-10 дыбыс, фонемалардан (кейбір ақпарат берушілер е дауысты дыбысын қолданады, орыс тілінің әсерінен кейін болуы мүмкін), консонантизм жүйесі – 24 дыбыстан (кейбір деректері бойынша 28 дыбыс) тұрады. Дауысты дыбыстар, жалпы қыпшақ тілдерінде кездесетіндей, жуан (қалын суық авазлар): [а], [о], [у], [ы] және жіңішке дауысты дыбыстарға (нечкә суық авазлар): [ә], [ө], [ү], [э], [и] бөлінеді. Вокализм жүйесінде қазақ тілінен айырмашылығы ұзақ – а, ә, у, ү, ый, и және қысқа – а, ө, ы, е (е) дыбыстардың болуы. Консонантизм жүйесінде дыбыстар ұяң (яңғырау тартықлар): [б], [в], [w], [г], [гь], [д], [ж], [ж], [з], [й], [л], [м], [н], [ң], [р] және қатаң (саңғырау тартықлар): [п], [с], [т], [ф], [к], [кь], [х], [һ], [ц], [ч], [ш], [щ] деп бөлінеді. Сондай-ақ сөйлеуде л, м, н, ң, р үнді дыбыстары кездеседі. Р, ң, ғ фонемалары анлаутта қолданылмайды; д, з ұяң дыбыстары аулаутта сирек кездеседі, б мен ж фонемалары аулаутта

мүлдем қолданылмайды. Сонымен қатар татар диаспорасының тілінде орыс тілінен алынған [ц] және [щ] дыбыстары бар: цирк, циркуль, цирк, щи, щетка.

Барлық қыпшақ тілдерінде сияқты татар тіліндегі диаспораның да негізгі фонетикалық заңдылықтары сақталған, мысалы, сингармонизм заңы: *икмек «нан», юлдаш «дос», мендәр «жастық», сөлге «сүлгі», алама «арық», көрәк «күрек»* және т.б. Вокализм жүйесінде лабиальды және лабиальды емес үйлесімділіктің ерекшеліктері байқалады. Лабиальды үйлесімділік тек жазбаша тілде көрінеді, ауызекі тілде ол нақты байқалмайды: *оло «үлкен», озон «ұзын»* т.б. [5, 274 б.].

Морфология саласында татар диаспорасының тілі әдеби татар тілінің атаулары мен етістіктерінің грамматикалық формалары мен категорияларының негізгі корпусын сақтап қалды. Зат есімнің грамматикалық заңдылықтары басқа түркі тілдері сияқты, соның ішінде қыпшақ тілдерінде де сан категориясы, тәуелділік категориясы, септік категориясы және предикативтілік категориясы арқылы өрнектеледі. Барлық түркі тілдері үшін морфологиялық тұрғыдан жекеше форма көрсетілмеген, бірақ көпше түрінде көптеген алломорфтар мен нұсқалары бар. Көптік жалғаудың кең таралған түрі *-лар/-ләр* аффикстері: *алмалар, дәфтерләр, китаптар*. Кейбір ақпарат берушілердің сөзінде *-тар/-тәр* формасын кездестіруге болады: *карттар (картлар), агачтар (агачлар)*. Бұл форманы қолдану татар диалектілерінің (астр., барабин.) немесе татар диаспорасына қазақ тілінің әсерінен пайда болды деп болжауға негіз бар.

Түркі тілдеріндегі зат есімнің негізгі категорияларының бірі – татар тілінде *тартым категориясы* деп аталатын тәуелділік категориясы. Қыпшақ, оғыз және басқа түркі тілдеріндегі тәуелділік категориясы посессив мағынасын білдіреді. Жалпы диаспора тіліндегі жекеше және көпше түрдегі аффикстер түркі, қыпшақ тілдерімен мағынасы жағынан да, қолданылуы бойынша да тарихи сабақтастықты сақтап қалды. Мысалы, *минем дәфтерем «менің дәптерім», синең дәфтэрең «сенің дәптерің», аның кулы «оның қолы»* [2, 118 б.].

Қазақстандағы татар диаспорасының тілі татар және қазақ лингвистикалық элементтерінің араласуын көрсететін бірегей құбылыс. Ғасырлық көршілестік қатынас пен байланыстар барысында Қазақстандағы татар диаспорасының тілі қазақ тілінен енген сөздермен байытылуда, бұл оның лексикасына, фонетикасы мен грамматикасына әсер етіп келеді.

Қазақстандағы татарлар – ТМД елдеріндегі өзінің энциклопедиялық сөздігін жасаған жалғыз диаспора. Бүгінде «Қазақстандағы татарлар» анықтамалығының 3 басылымы жарық көрді [6, 348 б.]. Сондай-ақ Қазақстанда «Фикер» (Алматы), «Ақ барс» (Астана), «Жидепалат татарлары» (Семей) татар газеттері шығарылады. 2016 жылдан бастап композитор, журналист және продюсер Ринат Абдулхаликов ұйымдастырған «Татар авазы» интернет-радиосы таратылады.

Осылайша, Қазақстандағы татар диаспорасы өңір халықтары арасындағы тарихи және мәдени байланыстардың байлығын көрсете отырып, елдің этникалық және мәдени әртүрлілігінің ажырамас бөлігі болып табылады. Татарлар, мемлекеттің ұлттық саясатының арқасында, басқа ұлттар мен ұлыстардың өкілдері сияқты, бүгінде адам өмірінің әртүрлі салаларында өздерін және өз халқын лайықты түрде көрсетуге нақты мүмкіндікке ие. Этникалық бірегейлікке ие Қазақстандағы татар диаспорасының тарихи-тілдік ерекшеліктерін зерттеу осы халықтың тарихы мен мәдени мұрасын түсінуге және сақтауға маңызды үлес қосады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Валиханов Ч. Собрание сочинений в пяти томах. Том 5. – Алматы: Главная редакция Казахской советской энциклопедии, 1985. – 528 с.
2. Махмутов З.А. Татары Казахстана. – Астана, 2016. – 160 с.
3. Жолдасбеков М., Шаймердинова Н.Г., Ярыгин С.А., Калдыбаев М.С., Каликов Р.К., Жиембай Б.С., Диханбаева А.Е. Монография: История, язык и этнокультура тюркских народов Казахстана. – Нур-Султан, 2020. – 237 с.

4. Всесоюзная перепись населения 1937 года: Общие итоги. Сборник документов и материалов. – М.: РОССПЭН, 2007
5. Түркітануға кіріспе. Оқу құралы / Ә. Қайдар М. Оразов, жауапты ред. Ғ. Әнес]. – 3-бас. . – Алматы: Арыс, 2004. – 358 б.
6. Қазақстандағы татарлар: энциклопедиялық сөздік. – Алматы: Таугүл баспасы, 2015. – 348 б.

ӘОЖ 13.456

ЕУРОПА ҒЫЛЫМЫНДАҒЫ ТҮРКІ ТАРИХНАМАСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Тлеген Әсемгүл Нурбекқызы

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ,

Халықаралық қатынастар факультетінің студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Б.С. Жиёмбай

Тарихнама (истриография) ежелгі грек тілінен аударғанда *тарих және тарихты сипаттап жазу* дегенді білдіреді. Тарихнаманы ең алдымен адамзат қоғамын танудың тарихы деп түсінген дұрыс. Сондай-ақ тарихнама деп белгілі бір тақырыпқа немесе тарихи дәуірге арналған зерттеулердің жиынтығын атайды.

Тарихнама ғылымының мақсаты – белгілі бір ғылыми мәселенің зерттелу деңгейін анықтап, тарихнамалық деректердің мән-мазмұнын, зерттелу бағыттары мен үрдістерін айқындау, объективті түрде зерттелмеген тұстарын тану [1].

Түркі қағанатының қалыптасқан күнінен бастап, құлағанға дейінгі тарихын ашуда, түркі халықтарының қоныстануы мен тілдік ерекшеліктерін тануда, біздің дәуірімізге жеткен түркі жазба ескерткіштерінің тарихи-тілдік зерттелу деңгейін анықтауда шетел тарихнамасы, оның ішінде Еуропа тарихнамасы мол мәліметтер беретіні ақиқат. XVIII-XIX ғасырда алғаш болып Еуропа ғалымдары түркі тарихын, түркі жазба ескерткіштерін зерттеуге қызығушылық танытып, ғылыми зерттеулер санын арттырды. Еуропадағы түркітану бағытындағы алғашқы зерттеулердің қатарына Германиядағы Гёттинген университетінің ғалымдары – Георг Томас фон Аш (Сібір саяхатшысы, қолжазба жинақтаушы, этнограф, 12.04.1729-23.06.1807), Петер Симон Паллас (22.09.1741-08.09.1811), Йоганн Эбергарт Фишер (10.01.1697-13.09.1771) және Август Людвиг фон Шлёцер (05.07.1735-09.09.1809) еңбектерін жатқызуға болады. Дегенмен, бұл зерттеуші ғалымдар жинақтаған материалдар өз дәуірінде жеткілікті зерттелмегендіктен, сәйкесінше ғылымда оң бағасын ала алмады.

Еуропада түркітану, оның ішінде тіл білімі туралы зерттеу аясы кеңейтіліп, шетелдік ғалымдар Азияға, Ресей территориясына келіп, салыстырмалы-тарихи зерттеулер жасауда белсенділік танытты. Бұл бағытта 1711 жылы өзге де қамаудағы шведтермен бірге Тобольск қаласына қоныстанған швед армиясының капитаны Филипп Иоганн Табберттің (Страленберг) «Das Nord und Östliche Theil von Europa und Asia...» еңбегі ерекше орынды еншілейді. Ол өзінің еңбегінде Сібірді қоныстанған түркі халықтарының мәдениеті мен тілі туралы мәлімет берді. Сондай-ақ еңбекте Енисейдегі руникалық ескерткіштер туралы алғашқы деректерді де ұсынған болатын. Страленберг зерттеуі Батыс Еуропа ғалымдары ұғымындағы «татарлар қоныстанған Шығыс Еуропа және Солтүстік Азия» түсінігін жойып, бұл аймақта өзге де түркі халықтарының қоныстанғаны туралы түсініктің қалыптасуына жол ашты. Орал тілдерінің типологиялық ұқсастығын алғашқылардың бірі болып Страленберг анықтады. Оның бұл тілдерді және халықтарды бөлуі орал (фин-угор, самодийлік) және алтай (түркі, моңғол, тұңғыс) тілдерінің алғашқы жіктелімі болды, оның негізінде кейіннен тіл қауымдастығы туралы орал-алтай теориясы пайда болды [2].